

выражая в той или иной форме результаты своих умений и физических действий. Данная работа имеет важное значение на уроках в малокомплектной школе. Учащиеся в такой школе работают самостоятельно около половины учебного времени и поэтому для повышения качества обучения нужны эффективные методы работы. Для повышения эффективности самостоятельной деятельности учащихся в малокомплектной школе, наряду с традиционными методами, можно использовать нетрадиционные методы работы, которые в сочетании, повышают качество обученности и развивают интеллектуальные способности школьников.

### **Список литературы**

1. Академия малокомплектных школ Казахстана, Астана 2013
2. Богданова Т.В., Меркулова И.Г., «План-конспект интегрированного урока», 2009
3. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы
4. Журнал «Малокомплектная школа в РК», Астана 2010-2013
5. Закон Республики Казахстан "Об образовании" от 07.06.2007
6. Лебедева Л.А., Акпаева А.Б. «Теория и технология педагогического процесса в условиях малокомплектной школы» Алматы, 2010
7. Международная научно-практическая конференция «Малокомплектная школа: состояние и перспективы развития», 21-22 ноября, 2011, Актобе
8. План мероприятий на 2011-2015 годы по реализации Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы
9. Положение о малокомплектной школе, Астана, 20103
10. Республиканский образовательный форум малокомплектных школ «Модернизация малокомплектной школы как основа обеспечения качественного образования сельских школьников», Аркалык, 11-12 декабрь, 2013
11. Статистические данные Министерства образования и науки РК по МКШ
12. Типовые правила деятельности организации образования по уровням образования, Астана, 2013

**Еришева Толқын Амантайқызы**  
ҚМПИ тарих магистрі, аға оқытушы

**Еришева Арайлым Амантайқызы**  
Қостанай қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі,  
тарих мұғалімі, Қостанай қ.

## **ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІН ОҚЫТУДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ**

### **АННОТАЦИЯ**

*Бұл мақалада тарих сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану ерекшеліктері ашып көрсетілген, бұл технология оқушылар бойында анықтау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жалпылау, салыстыру, жіктеу сынды және т.б. логикалық операцияларды дамытуға көмектеседі.*

**Түйінді сөздер:** сабақ, тарих, сын тұрғысынан ойлау, технология, әдістер.

### **АННОТАЦИЯ**

*В данной статье раскрываются особенности применения технологии развития критического мышления на уроках истории, позволяющей развивать в учащихся осознанное владение логическими действиями: определение, установление причинно-следственных, обобщение, сравнение, классификация и т.д.*

**Ключевые слова:** урок, история, критическое мышление, технология, методы.

## ABSTRACT

*This article describes the features of the application technology development of critical thinking in history lessons, allowing students to develop a conscious possession of logical steps: defining, establishing cause and effect, generalization, comparison, classification, etc.*

**Keywords:** lesson, history, critical thinking, technology, methods.

Қай кезеңде болмасын адамзат алдында тұрған ұлы мақсат - білімді де саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өресі озық азамат етіп тәрбиелеу - біздің қоғам алдындағы борышымыз.

Ал Қазақстан тарихы пәні - мектепте оқытылатын негізгі қоғамдық пәндердің бірі. Кешегісіз бүгініміз, ал бүгінгісіз ертеңіміз жоқ екенін шәкірттеріміз тарих пәні арқылы жақсы біледі. Тәуелсіз мемлекетіміздің болашақ ұрпағының білім дәрежесі қандай деңгейде болуы керек екендігі әрбір ұстаздың көңіліндегі түйткіл ой.

Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі сын тұрғысынан ойлауға үйрету технологиясы.

Оқушының сын тұрғысынан ойлау дағдысын дамыту әдістерін сабақтарда қолданудың маңызы зор. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету стратегияларын пайдалану негізінде оқыту оқушылардың бір-бірін тыңдай білу, өз ойларын анық жеткізу, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді [1, 49].

Сын тұрғысынан ойлауға үйрету технологиясын сабақтың барлық кезеңінде қолдануға болады. Сабақтың бастапқы кезеңінде тақырыпты бастамас бұрын ой қозғау үшін тақырыпқа қатысты суреттерді қолдануға болады. Мысалы, «Қоқан автономиясы мен Алаш Орда үкіметінің ортақ идеясы неліктен жүзеге аспады?» [2, 21] деген тақырыпты оқыту кезінде К.Л.Есмағамбетовтың «Әлем таныған тұлға» кітабының мұқабасы бейнеленген сурет көрсетіледі және сұрақ қойылады.

- Бұл тұлға кім?
- Ол қалай әлемге танымал болған?

Оқушылар суретте бейнеленген тұлғаның Мұстафа Шоқай екенін анықтап, оның қалай әлемге танымал болғаны жөнінде ойлана отырып, сабақ тақырыбына шыға алады.

Сонымен қатар «Бөкейханов - ұлт көшбасшысы» [2, 13] тақырыбын оқу барысында тарих ғылымдарының докторы, алаштанушы Мәмбет Қойгелдінің «- Әлихан Бөкейханов кім? Егер Латын Америкасы үшін Симон Боливар қандай болса, Әлихан Бөкейханов қазақ үшін сондай тұлға. Егер Ататүрік қандай болса, Әлихан да қазақтың сондай тұлғасы. Егер Махатма Ганди Үндістан үшін қандай болса, Әлихан қазақ үшін сондай тұлға» деген сөздерін негізге ала отырып сурет арқылы тақырыпқа кіріспе жасап, оқушыларға ойлануға мүмкіндік беріледі. Сабақ басында осы тұлғалардың суреттері (1-сурет) көрсетіліп, оқушыларға «Қазақтың қандай ұлы тұлғасы бұл жерде тұруы мүмкін» деген сұраққа жауап беру негізінде сабақ тақырыбына шыға алады.

Осындай үлгідегі тапсырмалар «Бүгінгі біздің өтетін тақырыбымыз» деп дайын дүниені айтып беруден алыстатады. Орнына, білетін білімді еске түсіре отырып, жаңа білімге көпір салу болып табылады.



1-сурет

Сабақтың негізгі және қорытынды бөлімдерінде SWOT талдау, ПТМС (ПОПС) формула, PEST талдау, «5 R», «Бір жағынан, басқа жағынан», «Синквейн» әдістерін қолдануға болады. Осы әдіс-тәсілдердің бірнешеуіне тоқталып өтейік.

Отарлау және тәуелсіздік үшін күрес бөліміндегі «Исатай мен Махамбетті қандай ортақ идея біріктірді?» [3, 36] тақырыбында халықтың отаршылдық саясатқа қарсы азаттық күресінің мәні мен маңызын түсінуде «5 R» әдісі қолданылды. Маңыздығын анықтауда келесі категориялар бойынша талдайды: 1. Есте қалатын: Бұны есте сақтайды ма? Кім? Қайда? 2. Нәтижелі: Бұл оқиғалар неге алып келді? Жағымды немесе жағымсыз нәтижелер? 3. Айрықша/мәнді: Нақты сол уақытта қандай көрініс тапты? Бұл оқиғаны маңызды немесе бірегей деп санады ма? 4. Резонансты: Бүгінгі күнгі біздің мәдениетте бұл оқиға қалайда көрініс табады ма? Бүгінгі күнгі қоғамның қалыптасуына бұл оқиға өзінің әсерін тигізді ме? Адамдар бұл оқиғадан сабақ алды ма? 5. Айқындайтын/басқа да қырларды түсінуге жол ашатын: Берілген оқиға сол уақыттағы адамдардың ой-пікірі мен іс-әрекеттері туралы қандай ақпарат бере алады?

Осы категориялар бойынша сұрақтарға жауап бере отырып, оқушы көтерілістің Қазақстан тарихындағы маңыздылығын анықтай алады. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс - қоғамдағы әлеуметтік теңдік үшін болған, қазақ халқының Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы халықтың азаттық рухын жігерлендірген көтеріліс. Сондықтан да, бұл көтеріліс халқымыздың тарихында өзіндік орны бар, маңызы зор көтерілістердің бірі екендігін оқушылар түсінуі қажет.

Отан соғысы бөліміндегі «Аңырақай шайқасын «Ұлы бетбұрыс» деп бағалай аламыз ба?» тақырыбында «ПТМС (ПОПС)» (П – позиция; Т- түсіндіру; М – мысал; С – салдар) формула әдісі өте тиімді қолдануға болады. Позиция ретінде «Аңырақай шайқасын «Ұлы бетбұрыс» деп бағалай аламыз» деген пікірді ала отырып, оқушы өз позициясын түсіндіреді, нақты мысал келтіреді және қорытынды жасайды.

«Не себепті Кеңес үкіметі Жаңа экономикалық саясаттан бас тартты?» тақырыбында SWOT (S (күштер); W (әлсіздіктер); O (мүмкіндіктер); T (қауіп-қатерлер)) талдаумен жұмыс жасайды. Оқушылар Жаңа экономикалық саясаттың күшті, әлсіз жақтарын анықтап, мүмкіндіктерін және қауіп-қатерлерін жіктеп түсіндіреді.

Сабақтың соңғы кезеңінде оқушыларды сыни тұрғыдан ойлануға және қорытынды жасауға бағытталған синквейн әдісі қолданылады. Яғни бес жолды өлең әдісі:

1. Бірінші жол тақырыпты суреттейтін бір ғана сөзден тұратын зат есім
2. Екінші жолы тақырыпты суреттейтін екі сөзден тұратын сын есім.
3. Үшінші жол тақырыптық іс-әрекетін көрсететін үш сөзден үш қимыл етістіктерден тұруы керек.
4. Төртінші жол тақырыпқа қатысты білгенін төрт сөз тіркесінен болуы керек.
5. Бесінші тақырыптық мәнін қайтадан көрсететін бір сөзді синоним болуы керек.

Осы тапсырманы орындау негізінде тақырыптағы негізгі түсініктерді алып шыға отырып, ой жинақтауға мүмкіндік туады.

Сыни тұрғыдан ойлау модулі бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу, пікірталасты жүргізе білу, проблеманы шеше білу қабілеттері қалыптасады. Осы тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жақсы жұмыстар ұсынған болатын.

Аталған стратегияларды пайдалана отырып ең бастысы – оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, олардың бір-бірімен ой алмасып, ашық, еркін сөйлеу дағдылары қалыптасады, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге жетелейді. Сын тұрғысынан ойлауға үйретуде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану алынған ақпаратты ұғыну, бақылау, бағалау, пайымдау, талдау және синтездеу сияқты дағдыларды дамытуға зор мүмкіндік береді [4, 45].

### Әдебиеттер тізімі

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012. – 306 б.
2. Кіріктірілген білім беру бағдарламасы. Оқу жоспары. Қазақстан тарихы 9 сынып. Негізгі мектеп. Шілде 2014 ж. - 66 б.
3. Кіріктірілген білім беру бағдарламасы. Оқу жоспары Қазақстан тарихы 8 сынып. Негізгі мектеп. Маусым 2014 ж. - 86 б.
4. Студентке арналған нұсқаулық. Бірінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2015. – 183 б.

**Есимбекова Назгуль Каирбековна**  
учитель русского языка и литературы  
КГУ «Ершовская средняя школа»  
Костанайская область  
Узункольский район

## РАЗВИТЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА У УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ СТРАТЕГИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ

### АННОТАЦИЯ

Тақырыптың **өзектілігі** түсіндіріледі, ең алдымен, енгізу, білім беру үдерісіне құзыреттілік ауысуына байланысты білім беру парадигмасы бағытталған, мақсатты дамыту негізгі құзыреттіліктерін негізделген дайындығы пайдалану оқушылардың игерілген білімдер мен әрекет әдістерін нақты практикалық міндеттерді шешу үшін.

**Мақсаты:** жүзеге асыру, инновациялық үрдістерге қолдау беру, білім берудегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін.

**Әдістері:** сауалнама, қосымша әдебиеттер, сауалнама, оқушылардың.

**Нәтижесі:**

Оқытуда жаңа тәсілдерді қолдану көрсетеді тұрақты жаңа енгізулер мен тәрбие беру.

**Қорытынды:**

Жүйелеу, интеграциялау жеті модуль және тұрақты рефлексия алынған тәжірибенің тиімділігін арттырады өзіндік тәжірибелік қызметке ықпал етеді, көшу жаңа даму деңгейі, демек, сапасын жақсартады.

**Түйінді сөздер:** өзектілігі, құзыреттілік, тиімділігі, жаңа тәсілдер, жеті модуль, рефлексия.

### АННОТАЦИЯ

**Актуальность** темы объясняется, прежде всего, внедрением в образовательный процесс компетентностного подхода в связи со сменой образовательной парадигмы и ориентацией на целенаправленное развитие ключевых компетентностей, основанных на готовности учащихся использовать усвоенные знания и способы деятельности в реальной жизни для решения практических задач.

**Цель:** осуществление поддержки инновационных процессов в образовании, обеспечивающих эффективность методической работы.

**Методы:** анкетирование, дополнительная литература, опрос учащихся.

**Результат:**

Применение новых подходов в обучении показывает постоянные нововведения в работе учителей.

**Выводы:**

Систематизация интегрирования семи модулей и регулярная рефлексия полученного опыта повышает эффективность собственной практической деятельности, способствует переходу на новый уровень развития, а значит, улучшает качество обучения.

**Ключевые слова:** актуальность, компетентностный подход, эффективность, новые подходы, семь модулей, рефлексия.